

**Кімге:** «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы.

**Автордың аты-жөні және лауазымы:** Жұмағұл Біржан Аманжолұлы. Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының Оқу-спорттық бөлімінің бас маманы.

**Орындаған күні:** 08.11.2024 ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Қазақстан Республикасының халық санағы.

**Кілт сөздер:** ҚР халық санағы, қазіргі статистикалық жағдай.

**Кіріспе:** Бұл жұмыста ҚР қазіргі жағдайдағы нақты халық саны, өзге этнос өкілдері туралы.

Аналитикалық жазбаның соңында пайдаланылған деректер көзін көрсетемін.

**Негізгі бөлім (жағдайды егжей-тегжейлі талдау немесе қазіргі жағдай, қолданылған зерттеу әдістері)**

### **1. Халық санағы.**

Қазақстан Республикасының халық санағы — елдегі халықтың саны, құрылымы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен өмір сүру деңгейі туралы мәліметтер жинау мақсатында өткізілетін мемлекеттік статистикалық шара.

Қазақстанда халық санағы тұрақты түрде 10 жылда бір рет жүргізіледі.

**Қазақстандағы халық санағының тарихы:**

- 1. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңдер:** КСРО құрамында болған кезеңде Қазақстанда бірнеше рет халық санағы жүргізілген болатын. Алайда ол кезеңде санақ тек жалпы Кеңес Одағы аумағында біртұтас жүргізілетін, және Қазақстанның дербес мәліметтерін бөліп қарастыру қиынға соғатын.
- 2. Тәуелсіздік кезеңі:** 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алған соң, еліміз өз дербес статистикалық жүйесін қалыптастырды. Қазақстанда халық санағы 1999, 2009 және 2021 жылдары өткізілді.

**Қазақстандағы соңғы халық санағы (2021 жыл):** Қазақстандағы 2021 жылғы халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегінен 30 қазанға дейін онлайн және дәстүрлі түрде (жеке сұхбат арқылы) жүргізілді. Бұл санақтың ерекшелігі — цифрландырудың артуы, яғни халық санағының көп бөлігі онлайн платформалар арқылы жүзеге асты. Халық санағының нәтижелері елдің демографиялық құрылымын, халықтың жас ерекшеліктерін, этникалық құрамы мен білім деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

### **Халық санағының негізгі мақсаттары:**

1. Халық саны мен оның құрамын анықтау;
2. Тұрғындардың білім деңгейі, жұмыс күші, әлеуметтік жағдайы туралы деректер жинау;
3. Мемлекеттік басқару және даму стратегияларын қалыптастыру үшін маңызды ақпарат ұсыну.

Халық санағы нәтижелері негізінде мемлекеттік әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық саясаттарды қалыптастырады.

### **2021 жылғы халық санағының негізгі көрсеткіштері:**

1. **Халық саны:** 2021 жылы Қазақстан халқының саны 19,2 миллионнан асып, 19,3 миллион адамға жеткен.
2. **Этникалық құрамы:** Қазақстанда қазақтар саны басым болғанымен, орыс, өзбек, украин, татар және басқа этникалық топтар да кездеседі.
3. **Қалалық және ауылдық халық:** Қазақстандағы халықтың жартысынан көбі қалаларда тұрады, қалғаны ауылдық жерлерде.

### **Халық санағының маңызы:**

1. **Жоспарлау мен саясат:** Санақ нәтижелері мемлекеттік жоспарлау мен әлеуметтік-экономикалық даму үшін өте маңызды. Ол бюджет бөлінісі, әлеуметтік қолдау шаралары, білім, денсаулық сақтау, инфрақұрылым және басқа да салалар бойынша шешімдер қабылдауға негіз болады.
2. **Демографиялық зерттеулер:** Халық санағы демографиялық процестердің динамикасын бақылауға мүмкіндік береді, сондай-ақ халықтың жас ерекшеліктері, жыныстық қатынасы, білім деңгейі мен жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы толық ақпарат береді.

**Келесі халық санағы 2031 жылы жоспарланған.**

### **2009 жылдан бері халық саны 20% өсті.**

2009 жылғы санақтан бері Қазақстан халқы 20% өсті. Тиісінше, 2021 жылғы 1 қыркүйектегі санақ қорытындысы бойынша халық саны 19 186 015 адамды құрады.

Үш өңірде халық саны 2 млн адамнан асты – Алматы (2 146 576) мен Түркістан облыстары (2 054 021) және Алматы қаласы (2 030 285).

Бұл ретте санақ арасындағы кезеңде халықтың ең көп өсуі Астана қаласында – 2 есе (613 мыңнан 1 234 мың адамға дейін), Шымкент қаласында 1,5 есе (730 мыңнан 1 112,4 мың адамға дейін) және Маңғыстау облысында (485 мыңнан 735 мың адамға дейін) байқалды.

### **Урбанизацияның әлемдік тренді Қазақстанда да байқалады:**

Санақ қорытындысы бойынша қала тұрғындарының үлесі 5 пайыздық тармаққа өсті, 56,1%-дан 61,2% дейін. Тиісінше, ауыл халқының үлесі 43,9%-дан 38,8% дейін азайды.

Қала халқының саны 2,7 млн-нан астам адамға артты. Өткен 12 жыл ішінде қала халқының ең жоғары өсімі еліміздің 6 өңірінде – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстарында байқалды.

Ең урбанизацияланған аймақ – Қарағанды облысы, онда халықтың 80% қала тұрғындары (1 млн-нан астам адам).

Республикалық маңызы бар қалалар бойынша, санақ кезінде Астанада 1,23 млн адам тұрды, елорда халқы 12 жылда 2 есе өсті. Алматыда халық саны 2,03 млн адамды құрады, мегаполис тұрғындарының саны 580,6 мың адамға артты. Шымкент қаласының халқы 1,1 млн тұрғынды құрап, 381,6 мың адамға өсті.

Айта кетейік, екі санақ аралығындағы кезеңде аталған қалалардың әрқайсысында қосымша бір-бір ауданнан құрылды.

Халқы 50 мыңнан 99,9 мың адамға дейінгі қалалар саны 8-ден 14 бірлікке дейін өсті.

### **Гендерлік құрылым өзгеріссіз қалды:**

Қазақстандағы әйелдер саны ерлер санынан бұрынғыдай басым. 2021 жылғы санақ қорытындысы бойынша олардың саны жарты миллионға (536,3 мың адамға) артық болды. Пайызбен айтсақ, ерлер үлесі – **48,6%** (9 324 840 адам), әйелдердікі – **51,4%** (9 861 175 адам). Алдыңғы санақпен салыстырғанда ерлер саны 1,6 млн, әйелдер саны 1,5 млн артты, Қазақстанда 1000 әйелге 946 ерден келеді.

Демография ерекшеліктеріне байланысты 36 жасқа дейінгі ер адамдар саны әйелдерге қарағанда көп, содан кейін ғана олардың саны арақатынасқа салғанда азая бастайды (36 жастан асқан әйелдер саны 736 мың адамға көп). Бұл ретте ерлер мен әйелдердің арақатынасы тек екі өңірде – Қызылорда және Түркістан облыстарында көп, онда 1000 әйелге сәйкесінше 1006 және 1027 ер адамнан келеді.

Алдыңғы санаққа қарағанда 15-19 жас және 20-24 жас аралығындағы әйелдер мен ерлердің саны азайғанына назар аударуға болады. Бұл 2009 жылғы халық санағы кезінде 20-24 жас аралығындағы топта туудың ең жоғары кезеңінде – 1980 жылдардың екінші жартысында туылған ұрпақтың болуымен байланысты.

Ал 2021 жылы бұл жас тобын 1990-шы жылдардың аяғы мен 2000-шы жылдардың басында дүниеге келген туу көрсеткіші төмен болған ұрпақ алмастырды. Сол сияқты 15-19 жас санаты бойынша 2002-2006 жылы туылған ұрпақ 1990-шы жылдардың бірінші жартысындағы ұрпаққа қарағанда аз.

2009 жылғы санақпен салыстырғанда 55-59, 60-64 және 65-69 жастағы ер адамдар саны сәйкесінше 50,2%, 117% және 69,5% айтарлықтай өсті.

Осы жастағы әйелдер саны да 2009-ға қарағанда сәйкесінше 38%, 105,9% және 58,3% өскен. Аталған жас тобындағы халықтың өсуі орташа өмір сүру ұзақтығының артуымен, өмір сүру жағдайларының жақсаруымен байланысты.

### **Қазақстандықтар – жас ұлт:**

Қазақстандықтардың орташа жасы салыстырмалы түрде жас болып келеді. 2009 жылғы санақпен салыстырғанда орташа жас 31-ден 32 жасқа дейін өсті.

Санақ аралығындағы кезеңде 0-ден 15 жасқа дейінгі балалар саны айтарлықтай өсті. Егер олардың үлесі 2009 жылы сол кездегі халықтың жалпы санының 24,1% (3,9 млн адам) құраса, соңғы санақ қорытындысы бойынша олардың үлесі 29,4% (5,6 млн адам) болды.

65 жастан асқан егде жастағы халықтың үлесі де өсті. 2009-бен салыстырғанда 2021 жылы олардың үлесі 7,1%-дан 8,2% дейін өсті (1,6 млн адам).

Сонымен қатар, санақ қорытындысы бойынша Қазақстанда 101 жастан асқан 200-ден астам қарт адам тұрған.

Айта кетейік, өңірлер арасында балалар саны бойынша Түркістан облысы, 90 жастан асқан қариялар саны бойынша ШҚО көш бастап тұр.


### **2024 жыл басына этникалық құрам:**

Қазақтар – 14 220 321 адам (71,0%)

Орыстар - 2 983 317 адам (14,9%)

Өзбектер - 660 564 адам (3,3%)

### **2024 жыл басына жынысы және жер типі бойынша халық саны:**




<https://kaz.zakon.kz/> ақпарат агенттігінің жариялаған ақпаратына сүйенсек, 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша халық саны **20 159 707** адамды құрады, оның ішінде:

- қала тұрғындары – 12 573 637 адам,
- ауыл тұрғындары – 7 586 070 адам.

Бұған дейін 1 маусымда Қазақстанда 20 139 914 адам тұрғаны хабарланған болатын.

## Өңірлер бойынша халық саны:



Қала халқының ең көп үлесі Қарағанды (81,6%), Ұлытау (79,2%) және Ақтөбе (74,9%), ал ең аз үлесі Алматы (19,6%), Түркістан (24,8%) және Жамбыл (43,4%) облыстарында байқалды.

## 2. Халықаралық тәжірибе:

### Қытай

Қытайда халық санағы өте маңызды, өйткені ел әлемдегі ең көп халқы бар мемлекет болып табылады. Қытайда халық санағы 10 жылда бір рет өткізіледі, және бұл жерде есепке алу жұмыстары өте мұқият жүргізіледі. Қытайда «Жалпы халық санағы» аясында әр адамды есепке алу міндетті. Әдетте, санақ жұмыстарының нәтижелері халықтың саны мен таралуын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік жағдайы мен еңбек нарығы туралы да мәлімет береді. 2024 жылы Қытайдың халық саны шамамен **1,42 миллиард** адамды құрайды.

### АҚШ

АҚШ-та халық санағы 10 жылда бір рет өткізіледі. Алайда мұнда халық санағы тек санақшылардың сауалнамаларына жауап беру арқылы жүргізілмейді, сонымен қатар әр азаматтың тұрғылықты мекенжайы мен басқа да жеке мәліметтері туралы ақпараттар үкіметтің басқа да дереккөздерінен алынуы мүмкін. Соңғы санақ 2020 жылы өтті, ал келесі санақ 2030 жылы жоспарланған. Бұл санақты АҚШ-тың **Халық санағы бюросы** ұйымдастырады. АҚШ халық саны 2024 жылы шамамен **334 миллион** адамды құрайды.

### Жапония

Жапонияда халық санағы әр 5 жыл сайын өткізіледі. Санақ сұрақтары халықтың санымен бірге, әлеуметтік жағдайы, жұмысы және тұрмыс деңгейі туралы да ақпараттарды жинайды. Бұл елде халық санағы өте техникалық деңгейде жүргізіледі және жауап беру міндетті болып табылады. 2024 жылы Жапонияның халық саны шамамен **125 миллион** адамды құрайды.

## Германия

Германияда халық санағы үш түрлі әдіспен жүргізіледі:

- **Тұрғын үй сауалнамалары** (кейбір аймақтарда)
- **Әлеуметтік және демографиялық сауалнамалар**
- **Регистрлік санақ**: халық саны мен құрылымын есептеу үшін мемлекеттік тіркеулер мен деректер қолданылады. Германияда халық санағының нәтижелерін жинақтау үшін нақты статистикалық әдістер мен санақтар пайдаланылады. 2024 жылы Германияның халық саны шамамен **84 миллион** адамды құрайды.

### • 3. Ұсыныстар:

#### ➡ **Халық санағының бағдарламасын әзірлеу:**

Халық санағы бағдарламасы белгілі талаптарды есепке ала отырып, құрастырылған және талдап жинақталған сұрақтар тізімін, тәртібін, жинақтау ретін және сұрақтар жауабын белгілеуді, ақпаратты өңдеу тәртібі мен ұлттық санақ қорытындысын жариялауды қамтиды.

#### ➡ **Пилоттық халық санағын өткізу:**

Негізгі санақ әдістерін тексеру, оның құралдарын, санақ бағдарламасы сұрақтарының тұжырымдамасын, мәліметтерді жинауды ұйымдастыру және ұсыну тәртібін, санақ персоналына түсетін жүктемелерді және алдыңғы жалпы халық санағының және алдағы тұрған жалпы халық санағының басқа да әдіснамалық және ұйымдастыру жақтарын тексеру, сондай-ақ ел өңірлерінде санақты өткізуге жауапты алдағы санақтың басшыларын оқыту үшін пилоттық халық санағын өткізу ұсынылады.

Пилоттық халық санағы елдің табиғи-шаруашылық талаптарымен, халықтың құрамы және оның аумақтық орналастыру сипатымен ерекшеленетін елдің бірқатар өңірлерінде өткізу ұсынылады. Санақ өңірлерінің осындай таңдауы елдің әрбір бөлігінде халықты есепке алу ерекшеліктерін нақтылау, бағдарламалардың жобаларын, нұсқаулықтарын және қажетті санақ құжаттамаларын байқаудан өткізуге мүмкіндік береді.

#### ➡ **Халық санағын өткізу барысында инновациялық тәсілдерін қолдану:**

Халық санағына дайындық жүргізу және өткізу үдерісінде санақты өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында келесі инновациялық тәсілдерді қолдану ұсынылады:

- 1) Интернет жүйесін қолдану;
- 2) тасымалданатын құрылғыларды қолдану;
- 3) геоақпараттық технологияларды қолдану.

Бұл тәсілдерді қолдану кезінде, мемлекет едәуір артықшылыққа қол жеткізеді: халық санағына дайындық жүргізу және өткізуде материалдық, еңбек және қаржылық шығындар қысқарады.

### **Қорытынды:**

Халық санағының негізгі мақсаты — халықтың саны мен құрылымын анықтау, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді бақылау және мемлекеттік жоспарлау мен ресурстарды бөлуге көмек көрсету. Әр елде халық санағының жүргізілуі мен әдістері әр түрлі болуы мүмкін, бірақ оның мақсаты бірдей: елдің даму көрсеткіштері мен саясатын дұрыс жоспарлау.

### **7. Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер тізімі**

1. <https://chatgpt.com/>
2. <https://stat.gov.kz/>
3. <https://kaz.zakon.kz/>
4. <https://www.gov.kz/>

Ақпараттар ресми ақпарат агенттігі сайттарынан алынды!